

КМҚК «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы

***«Жемқорлықсыз жол, Сенімді жол»
ток шоу***

Педагог-ұйымдастрыушы: Махмутова Г.Б

Қызылорда 2023-2024 оқу жылы

«Жемқорлықсыз жол: Сенімді жол» ток шоу

Мақсаты:

1. “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту
3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру

Сәлеметсіздер ме құрметті педагогтер. «Жемқорлықсыз жол: Сенімді жол» атты ток шоуымызды бастауға рұқсат етіңіздер!!!



1 топ: Оң қанат –жақтаушы

2 топ: Сол қанат-даттаушы пікірталас өткізу.

Ең күшті пікір келтірген топ жеңіске жетеді.

Олай болса 2 топқа тапсырма: оң қанат-«Сыбайлас жемқорлықты қоғамда жою мүмкін»

сол қанат «Жоқ ,сыбайлас жемқорлықты қоғамда жою мүмкін емес» тақырыбына жақтайтын және даттайтын пікірлер беру тапсырылады.



Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық - бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес. Сондықтан, бұл індетке бірлесе қарсы тұруымыз керек.

1. «Сыбайлас жемқорлық» деген не?


“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік - “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "corruptio" деген латын сөзін шыққан. Өкінішке орай, барлық әлем елдері сияқты «Сыбайлас жемқорлық» Қазақстан Республикасында айналып өткен жоқ. Қылмыстың бұл түрінің біздің қоғамымыздың да барлық саласына тамыр жайып кеткені жасырын емес. Ең қауіптісі, ол білім беру, медицина сияқты ізгілікті діттеген салалардан бастап құқық қорғау органдарына дейін бой көрсетіп жүр.



Келесі сөзді топ мүшелеріне берейік.

1 оң қанат- жақтаушылар (пікір келтіреді)

2 сол қанат-даттаушылар (пікір келтіреді)



2. Бейне роликке назар аударайық! (видео ролик көрсетіледі)

Топтарға тапсырма: Осы бейне роликті көрген кезде қандай сезімде болдыңдар?

Роликтегі адамдардың әрекеті дұрыс па немесе бұрыс па?

\2 топ бірден пікір келтіреді\



3. Келесі тапсырма : жағдаят шешу

Азамат Б. Абай .Мырзахметов атындағы университетінің 4 курс студенті. Оқу жылы аяқталуда, алда 8 пәннен мемлекеттік емтихан тапсыруы қажет.

Оның ата-анасы оқу үлгерімінің нашар екенінен хабарсыз. Баласының жоғарғы оқу орнын аяқтап, диплом алып, болашақта үлкен маман иесі болатынына сенімді, үлкен үміт күтеді. Ол емтиханнан 2 рет құлағаннан кейін, Университеттің бірнеше оқытушысының әр қайсысына 30 мың теңгеден пара береді.

- 1.Азамат Б әрекеті дұрыс па не бұрыс па?
2. Мұндай жағдайда оқытушылардың іс-әрекеті дұрыс па не бұрыс па ?
3. Азамат Б. біреуге пара бергені үшін жауапқа таруға болады ма? Иә болады. Жоқ болмайды.

(Топтар талқыға салады)

4. «Ой жалғау»

1. Заңның құрығы ... (бәрінен ұзын)
2. Өш алғаннан гөрі ... (кешірген жөн)
3. Ақырын жүріп (анық бас)
4. Асыл тастан ... (өнер жастан)
5. Тура биде... (туған жоқ)
6. Хан болсын, ханға лайық ... (Заң болсын)
7. Батыр болсын, жорық жолы... (мақұл болсын)

1. Ұрлық түбі ... (қорлық)
2. Жазасын тартпайтын ... (жамандық жоқ)
3. Әдепті бала ... (арлы бала)
4. Тәрбие ... (отбасынан басталады)
5. Әділ істің...(арты игі)
6. Абыз болсын, абыз сайлау... (парыз болсын)
7. Би болсын, би түсетін... (үй болсын)

Келесі сөзді жақтаушы және даттаушы топтардың мүшелеріне берейік.



Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, барша әлемге танылды, мемлекетіміздің тамыры тереңге тарап, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданды, ел экономиясы мен әлеуметтік жағдайымыз түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнымызды айқындадық.